



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

20.01.2022 № 2-011513-22-02990

22.12.2021ж. №ДЗ-346

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

(Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Nur Otan» партиясы атынан, тізім бойынша)

Қаржылық пирамидалар мен алаяқтықтарға
қарсы іс-қимыл бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Еуразиялық Экономикалық Одаққа (бұдан әрі - ЕАЭО) мүше елдердің халықаралық шарттық базасын және киберқылмысқа, алаяқтыққа (интернет-алаяқтыққа), трансшекаралық, халықаралық сипаттағы қаржылық пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл үшін ынтымақтастықты күшейту туралы сіздердің сауалдарыңызды қарады.

Соңғы 3 жылда қаржылық пирамидаларды тіркеу серпіні тұрақсыз (2018ж. – 103, 2019ж. – 24, 2020ж. – 180).

2020 жылы күрт өсу байқалады, тіркелген қылмыстар саны 7 есеге (24-тен 180-ге дейін) өсті.

2021 жылдың қорытындысы бойынша елімізде алаяқтық саны 21,7%-ға (33 759-дан 41 083-ке дейін) өсті, негізгі тіркеу интернет-алаяқтық саласында байқалады, олардың өсуі 50,5%-ті құрады (2018ж. – 517; 2019ж. – 7 769; 2020 – 14 220; 2021 – 21 405).

2021 жылғы наурызда киберқылмысқа, алаяқтыққа және қаржылық пирамидаларға қарсы іс-қимыл мәселелер Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінде қаралды.

Қаржылық пирамидалардың және желі пайдаланушыларына қатысты алаяқтықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында мемлекеттік органдардың алдына нақты міндеттер қойылды.

Сонымен бірге Бас прокуратура мемлекеттік органдармен бірлесіп, бірқатар ұйымдастыру-практикалық шаралар қабылдады.

Өткен жылы ведомствоаралық жұмыс топтары құрылды, Іс-шаралар жоспары, ынтымақтастық туралы меморандум, әдістемелік құрал әзірленді, Микрокредиттер беру қағидаларына өзгерістер енгізілді, типология және Өзара іс-қимыл жоспары қабылданды, Қаржылық пирамидаларға және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жол картасы (бұдан әрі - Жол картасы) әзірленді,

полицияда интернет-алаяқтықты ашу және тергеу бойынша жедел-тергеу топтары құрылды.

Қабылданған шаралар қаржылық пирамидалар мен алаяқтықтардың алдын алуды, анықтауды және олардың іс-әрекетін ашуды уақтылы қамтамасыз етуге, сондай-ақ кейбір оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2021 жылы қаржылық пирамидаларды құрудың тіркелген фактілері 11,6% -ға (181-ден 160-қа дейін) төмендегені байқалады, сонымен бірге келтірілген залал сомасы мен жәбірленушілер саны азайды.

Мысалы, ағымдағы жылы әрбір қаржылық пирамидаға орташа есеппен 18 жәбірленуші және 20 млн теңге залал келген, ал 2020 жылы 193 жәбірленуші және 336 млн теңге залал тіркелген.

Сонымен бірге ақпараттық жүйелерді пайдаланушыларға қатысты алаяқтық істері бойынша тіркеу алғаш рет төмендеді (қазан - 1,5%, 1 905-тен 1 880-ке дейін; қараша - 12%, 2 207-тен 1 945-ке дейін; желтоқсан - 17%, 1 777-тен 1 468-ке дейін).

Осылайша, қаржылық пирамидалар мен интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстардың екпіні қылмыстық қызметтің алғашқы кезеңдеріне ауысты, бұл олардың орбитасына көптеген азаматтардың тартылуына кедергі келтіреді және залал сомасын азайтады.

Қаржылық пирамидаларды ұйымдастырған және Қазақстан аумағынан тыс жерлерде интернет-алаяқтық жасаған қылмыскерлерге қатысты келесіні хабарлаймыз.

Интернет-алаяқтық фактілері бойынша кінәлі адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін шет мемлекеттерге берілген қылмыстық істер, сондай-ақ қаскүнемдер Қазақстан аумағынан тыс жерлерде әрекет еткен қаржылық пирамидалар жоқ.

Сонымен бірге қылмыстық қудалау органдарының жедел бөлімшелерінің осы санаттағы қылмыстарды анықтау және ашу, оның ішінде оларды басқа елдерден жасау белгілері бойынша тиісті жұмыс істемеуін атап өтеміз.

Жүргізілген талдаулар мен тексерулердің нәтижелері бойынша қадағалаушы прокурорлар прокурорлық қадағалаудың 36 актісін енгізіп, олар бойынша 184 лауазымды адам тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер үшін біріңғай «қара тізімді» және оған жосықсыз қаржы ұйымдарын және қаржылық пирамидалардың белгілері бар ұйымдарды қосудың біріңғай әдістемесін жасауға қатысты

ЕАЭО Мемлекеттерінің басшылары 2019 жылғы 1 қазанда ортақ қаржы нарығын қалыптастырудың негізгі мақсаттарын, міндеттері мен түйінді бағыттарын айқындайтын ЕАЭО Ортақ қаржы нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) қабылдады.

Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде қаржы нарығының заңнамасын үйлестіруге және тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған бірқатар халықаралық келісімдерді әзірлеу және оларға қол қою көзделеді.

Қазіргі кезде Еуразиялық экономикалық комиссия ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлеуде, оның шеңберінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер үшін бірыңғай «қара тізімді» және оған жосықсыз қаржы ұйымдары мен қаржылық пирамидалардың белгілері

бар ұйымдарды қосудың бірыңғай әдістемесін құру мәселесін енгізуді пысықтайтын болады.

Киберқылмысты, алаяқтықты (интернет-алаяқтықты), трансшекаралық, халықаралық сипаттағы қаржылық пирамидалардың қызметін тергеп-тексеру кезінде қылмыстық істер бойынша өзара көмекті реттейтін ЕАЭО-ға мүше елдердің халықаралық шарттық базасына оның адекваттылығы белгісіне кешенді құқықтық тексеру жүргізуге бастамашылық жасау мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен, оның ішінде ЕАЭО елдерімен қылмыстық істер бойынша өзара көмек туралы 29 шарт (бұдан әрі - шарт) жасасқанын хабарлаймын.

2021 жылы Бас прокуратура алаяқтық және қаржылық пирамидалар туралы қылмыстық істер бойынша 56 халықаралық тергеу тапсырмасын жіберді (оның 30-ы орындалды, 26-сы шет мемлекеттердің құзыретті органдарының қарауында), шет мемлекеттерге іздестіріліп жатқан адамдарды ұстап беру туралы 24 сұрау салу жіберілді (6-қаржылық пирамидалар, 18-алаяқтық бойынша), оның ішінде 7-еуі (1-қаржылық пирамидалар, 6-алаяқтық бойынша) ұстап берілді, қалғандары қарастырылуда.

Осылайша, аталған шарттар қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық түрлері бойынша, оның ішінде алаяқтық, киберқылмыс және қаржылық пирамидалар бойынша күдіктілердің кінәсінің дәлелдерін жинау үшін қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуге және алуға толық мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қаржылық мониторинг агенттігі мен Ішкі істер министрлігіне ЕАЭО-ға мүше елдердің халықаралық шарттық базасын кешенді құқықтық тексеруге бастамашылық ету және уәкілетті мемлекеттік органға жедел ақпарат алмасу бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру туралы ұсыныстар енгізу тапсырылды.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.

Е. Кененбаев

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
ҚР Парламенті Мәжілісі
депутаттарының тізімі**

**Ю.В. Ли
С.А. Абдрахманов
А.Р. Амирханян
И.Ю. Буларов
Н.Г. Дементьева
В.Г. Набиев
Ш.А. Осин
В.И. Тохтасунов
А.М. Хамедов**

«Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері

**Д. Алимбаев
А. Құспан**



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

20.01.2022 № 2-011513-22-02990

22.12.2021г. №ДЗ-346

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(от Ассамблеи народа Казахстана
и партии «Nur Otan», по списку)

По противодействию
финансовым пирамидам и мошенничествам

Уважаемые депутаты!

Генеральной Прокуратурой рассмотрен ваш запрос об усилении международной договорной базы стран-членов Евразийского Экономического Союза (далее – ЕАЭС) и сотрудничества для противодействия киберпреступности, мошенничеству (интернет-мошенничеству), деятельности финансовых пирамид трансграничного, международного характера.

За последние 3 года динамика регистрации финансовых пирамид нестабильна (2018г. – 103, 2019г. – 24, 2020г. – 180).

Значительный рост произошел в 2020 году, когда количество зарегистрированных преступлений выросло в 7 раз (с 24 до 180).

По итогам 2021 года в стране увеличилось количество мошенничеств на 21,7% (с 33 759 до 41 083), основная регистрация наблюдается в сфере интернет-мошенничеств, рост которых составил 50,5% (2018г. – 517; 2019г. – 7 769; 2020 – 14 220; 2021 – 21 405).

В марте 2021 года вопросы противодействия киберпреступности, мошенничеств и финансовых пирамид рассмотрены на заседании Координационного совета по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью.

В целях своевременного предупреждения, выявления и пресечения финансовых пирамид и мошенничеств в отношении пользователей сети перед госорганами поставлены конкретные задачи.

Наряду с этим, Генеральной прокуратурой совместно с заинтересованными государственными органами принят ряд организационно-практических мер.

Так, в прошедшем году созданы межведомственные рабочие группы, разработаны Планы мероприятий, меморандум о сотрудничестве, методическое пособие, внесены изменения в Правила выдачи микрокредитов, приняты типология и План взаимодействия, разработана Дорожная карта по противодействию финансовым пирамидам и мошенничествам (далее-Дорожная карта), в полиции созданы следственно-оперативные группы по раскрытию и расследованию интернет-мошенничеств.

Принятые меры позволили обеспечить своевременное предупреждение, выявление и раскрытие деятельности финансовых пирамид и мошенничеств, а также достичь некоторых положительных результатов.

За 2021 год отмечается снижение числа зарегистрированных фактов создания финансовых пирамид на 11,6% (с 181 до 160), в то же время, снизилась сумма причиненного ущерба и количество потерпевших.

К примеру, на каждую финансовую пирамиду в прошедшем году приходится в среднем 18 потерпевших и 20 млн. тенге ущерба, тогда как в 2020 году фиксировалось 193 потерпевших и 336 млн. тенге ущерба.

Между тем регистрация по делам о мошенничествах в отношении пользователей информационных систем впервые пошла на спад (октябрь - 1,5% с 1 905 до 1 880; ноябрь 12 % с 2 207 до 1 945; декабрь 17 % с 1 777 до 1 468).

Таким образом, акцент работы по противодействию финансовым пирамидам и интернет-мошенничеству смещен на ранние этапы преступной деятельности, что препятствует вовлечению в их орбиту значительного числа граждан и минимизирует сумму ущерба.

Касательно преступников, организовавших финансовые пирамиды и совершающие интернет-мошенничества за пределами территории Казахстана сообщаем следующее.

Уголовных дел, переданных в иностранные государства для привлечения к уголовной ответственности виновных лиц по фактам интернет-мошенничеств, а также финансовых пирамид, где злоумышленники действовали за пределами территории Казахстана, не имеется.

В то же время отмечаем ненадлежащую работу оперативных подразделений органов уголовного преследования по выявлению и раскрытию преступлений данной категории, в т.ч. с признаками их совершения из других стран.

По результатам проведенных анализов и проверок надзирающими прокурорами внесено 36 актов надзора, по которым к дисциплинарной ответственности привлечено 184 должностных лица.

Относительно создания для государств-членов ЕАЭС единого «черного списка» и единой методики включения в него недобросовестных финансовых организаций и организаций, имеющих признаки финансовых пирамид.

1 октября 2019 года Главами государств ЕАЭС была принята Концепция формирования общего финансового рынка ЕАЭС (далее - Концепция), определяющая основные цели, задачи и ключевые направления формирования общего финансового рынка.

В рамках реализации Концепции предусматривается разработка и подписание ряда международных соглашений, направленных на гармонизацию законодательства финансового рынка и защиту прав потребителей.

В настоящее время, Евразийской экономической комиссией разрабатывается план работы на текущий год, в рамках которого Агентством по регулированию и развитию финансового рынка будет проработано включение вопроса создания для государств-членов ЕАЭС единого «черного списка» и единой методики включения в него недобросовестных финансовых организаций и организаций, имеющих признаки финансовых пирамид.

По вопросу инициирования комплексной правовой ревизии международной договорной базы стран-членов ЕАЭС, регулирующей взаимную помощь по уголовным делам на предмет ее адекватности при расследованиях киберпреступности, мошенничества (интернет-мошенничества), деятельности финансовых пирамид трансграничного, международного характера сообщая, что Республикой Казахстан заключено 29 договоров о взаимной помощи по уголовным делам (далее - договор) с иностранными государствами, в том числе со странами ЕАЭС.

В 2021 году Генеральной прокуратурой направлено 56 международных следственных поручений по уголовным делам о мошенничествах и финансовых пирамид (30 из которых исполнено, 26 на рассмотрении у компетентных органов иностранных государств), в иностранные государства направлено 24 запроса о выдаче разыскиваемых лиц (6 по фин.пирамидам, 18 по мошенничествам), из них выдано 7 (1 по фин.пирамидам, 6 по мошенничествам), остальные на рассмотрении.

Тем самым, указанные договора в полной мере позволяют оказывать и получать правовую помощь по уголовным делам для сбора доказательств вины подозреваемых по всем видам уголовных правонарушений, в том числе по мошенничествам, киберпреступлениям и финансовым пирамидам.

Вместе с тем, Агентству по финансовому мониторингу и Министерству внутренних дел поручено инициировать комплексную правовую ревизию международной договорной базы стран-членов ЕАЭС и внести предложения в уполномоченный государственный орган о повышении эффективности взаимодействия и сотрудничества по оперативному обмену информацией.

**И.о. Генерального Прокурора
Республики Казахстан**

Е. Кененбаев

**Список депутатов
Мажилиса Парламента РК
от Ассамблеи народа Казахстана**

**Ли Ю.В.
Абдрахманов С.А.
Амирханян А.Р.
Буларов И.Ю.
Дементьева Н.Г.
Набиев В.Г.
Осин Ш.А.
Тохтасунов В.И.
Хамедов А.М.**

члены Фракции партии «Nur Otan»

**Д. Алимбаев
А. Құспан**